



АЛАТАУ арайы



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



info@alatau.ay.kz
www.alatau.ay.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№67 (516) // 25 маусым // бейсенбі // 2026 жыл

САЛТАНАТ

ХАЛЫҚ СЕНІМІ – ЕҢ ЖОҒАРЫ МАРАПАТ

Қонаев қаласындағы Бердібек Соқпақбаев саябағында Мемлекеттік қызметшілер күні аталып өтті. Онда сала мамандарының елдің өркендеуіне қосқан елеулі үлесіне лайықты баға берілді. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға, мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асыруға атсалысып жүрген үздік қызметкерлер марапатталды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Шараға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысып, мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекесімен құттықтады. Бұл сала ел тұрақтылығы мен дамуының негізгі тіректерінің бірі екенін айтып, қоғам өміріндегі айрықша маңызына тоқталды. Сондай-ақ мемлекетіміздің басқару мәдениеті бүгінгі тәуелсіз еліміз тікелей мирасқоры болып саналатын Алтын Орданың мемлекеттік жүйесі және әкімшілік құрылымымен сабақтасып жатқанын жеткізді.

«Мемлекеттік қызметшінің ең үлкен марапаты – жоғары шен немесе лауазым емес, ол – халықтың алғысы мен шынайы сенімі. Әрбір қабылдаған шешімдеріңіздің, әрбір жазған ресми хаттарыңыздың артында қарапайым адамдардың тағдыры, мемлекетіміздің беделі тұрғанын ешқашан ұмытпаңыздар. Сіздердің адалдықтарыңыз бен кәсібиліктеріңіз – қуатты Қазақстанның іргетасы. Ел игілігі жолындағы қажырлы да жауапты қызметтеріңіз үшін баршаңызға айрықша алғысымды білдіремін», – деді Марат Елеусізұлы.

Аймақ басшысының айтуынша, бүгінде облыста мемлекеттік қызмет саласында 4 мыңнан астам азамат еңбек етеді. Олардың 2,5 мыңға жуығы жергілікті атқарушы органдарда тұрғындармен тікелей жұмыс жүргізуде. Қызметкерлердің 52 пайызы әйелдер болса, 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 40 пайызды құрайды. Сонымен қатар мемлекеттік қызметте түрлі этнос өкілдері бірлесіп еңбек етіп, қоғамдық келісім мен бірліктің үлгісін көрсетуде.

Мамандардың кәсіби деңгейі де жыл сайын артып келеді. Облыстың мемлекеттік қызмет жүйесінде магистратура мен докторантура тәмамдаған 182 маман, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 11 түлегі және халықаралық «Болашақ» бағдарламасымен білім алған 7 түлек қызмет етуде.

ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

Маңызды науқан

«Қыстың қамын жаз ойла» деген халық даналығы әлі күнге өзектілігін жойған жоқ. Осыған орай Балқаш ауданында мал шаруашылығымен тұрақты түрде айналысатын шаруашылықтар қысқы мал азығын дайындау жұмысын қарқынды жүргізуде. Қыс мезгілінде төрт түлікті жем-шөппен толық қамтамасыз ету – ауыл шаруашылығы саласындағы басты мәселе. Сондықтан шөп ору кезеңі аудан әкімінің тұрақты бақылауында болып, жасаушы мамандар науқан барысын күнделікті қадағалауда.

● Алтынай СЕЙІТКЕН

Балқаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің берген мәліметіне сәйкес, биыл өңір бойынша 28 902 гектар суармалы жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған. Оның ішінде 15 401 гектар алқапта көпжылдық шөп өсіп тұр. Қазіргі таңда жоңышканың 7 415 гектары шабылып, 6 900 гектары бастырылған. Орташа өнімділік гектарына 15 центнерді құрап, нәтижесінде қысқы мал азығына 24 150 тонна шөп дайындалған.

Қысқы мал азығын дайындау жұмысына жұмыла кіріскен шаруашылықтардың қатарында «Агрофирма «Бірлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де бар.

Жақында аталған шаруашылыққа арнайы барып, ондағы жұмыс барысы және шөп шабу қарқынымен таныстық. Шаруашылықтың 2 990 гектар суармалы алқабына көпжылдық шөп егілген. Олар бүгінге дейін оның 2 300 гектарын шауып, 1 500 гектарын бастырып. Қазіргі уақытта шаруашылық 1 500 тонна сүрлем дайындап, 10 мың орам шөп қорын жасақтап үлгерген.

Сапар барысында шаруашылықтағы еңбек адамдарының күн-түн демей жұмыс істеп жатқанын көріп, науқан



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Өңірде мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қолдау шаралары да жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Соның ішінде «Алатау жастары» бағдарламасы аясында жеңілдетілген ипотека беру, басқа өңірлерден келген мамандарға тұрғын үй төлемдерін қарастыру секілді бастамалар қолға алынған.

Салтанатты рәсімде жауапкершілік пен кәсібиліктің үлгісін көрсеткен жандар «Үздік мемлекеттік қызметші», «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгілерімен, Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды. Солардың бірі – 20 жылдан астам уақыт осы салада қызмет еткен, облыс әкімі аппаратының бөлім басшысы Гүлнар Жорабаева.

«Алматы облысының орталығы Қонаев қаласына көшірілгенде алғашқылардың бірі болып келіп, қызметімізге кірістік. Содан бері өңірдің қайта аяққа тұрып, дамуына үлесімізді қосып келеміз. Бүгінгі марапат менің еңбегіме берілген лайықты баға деп есептеймін. Біз, мемлекеттік қызметшілер, халыққа барынша қолайлы жағдай жасауға атсалысып, Президент саясатын жүзеге асыруға

бар күш-жігерімізді арнаудамыз. Осы орайда барлық әріптестерімді кәсіби мерекеммен құттықтаймын. Бүгінгі төсбелгіні иеленгеніме өте қуаныштымын. Бұл мен үшін үлкен мәртебе. «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісінің орны бөлек. Меніңше, әрбір мемлекеттік қызметші осындай марапатқа ие болуды армандайды. Бұл адамды жігерлендіріп, кәсіби тұрғыда өсуіне ынталандырады. Еңбегімді бағалап, сенім артқан басшылыққа ризашылығымды білдіремін. Бүгінде облыстың күн санап көркейіп келе жатқанына баршамыз куә болып отырмыз. Соңғы жылдары өңірде ауқымды жұмыс атқарылды. Облыстың өркендеу жолында өнімді еңбек етіп жүргенімді мақтан тұтамын», – деді марапат иесі.

Мерекелік жиында өнерпаздар театрландырылған қойылым көрсетіп, айтулы күннің мән-мазмұнын терең ұғындыра түсті. Мемлекеттік қызметшілердің мерейін асырған шара сахна жұлдыздарының концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Қонаев қаласы

Аймақ басшысының күнделікті қызметімен танысқыңыз келсе, мына QR-кодты сканерлеп, Алматы облысы әкімі Марат Сұлтанғазиевтің Instagram-дағы жеке парақшасына өтіңіздер:



@MARAT_SULTANGAZIYEV

ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

Кітапқа құштар ұрпақ – ел болашағы

Алматы облысы мен «Кітап оқитын ұлт» қоғамдық қоры арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл келісім Мемлекет басшысының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында іске асырылуда. Жоба бойынша өңірдегі кітапханалар, мәдениет және білім беру ұйымдары арқылы бірлескен жобалар мен іс-шараларды ұйымдастыру, жастардың интеллектуалдық және рухани дамуына ықпал ететін бастамаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

«Кітап оқитын ұлт» қоғамдық қоры былтыр шілде айында құрылып, жұмысын бастаған. Өткен жылы Қарағанды, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласында алғашқы ағартушылық жобаларын жүзеге асырды. Нәтижесінде 190 мыңға жуық адам кітап оқу дағдысын қалыптастырған. Биыл олардың санын 1,5-2 млн-ға арттыру көзделуде. Ал Алматы облысында 100 мыңнан аса адамды қамту жоспарланған.

Шараға қатысқан облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітап оқу мәдениеті мен кітапхана ісін дамыту мәселесіне ерекше мән беріп отырғанын атап өтті. Аймақ басшысының айтуынша, бүгінде облыста 145 кітапхана жұмыс істейді. Олар 71 мыңнан астам оқырманға қызмет көрсетуде. Жалпы кітап қоры 2,7 млн-нан асады. Кітапханалар жанында коворкинг орталықтары, клубтар мен үйірмелер жұмыс істеп, жастардың шығармашылық және зияткерлік дамуына жағдай жасалуда.



Суретті түсірген – Мұхтар ДҮКЕН

«Биыл Ұйғыр аудандық, Қарасай ауданындағы Жандосов ауылдық және Еңбекшіқазақ ауданындағы Шелек ауылдық кітапханалар жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Алдағы уақытта тағы екі кітапхананы жаңарту жоспарланған.

2023 жылдан бастап барлық аудандық кітапханалар САБ ИРБИС-64+ бағдарламасына көшірілді. Бүгінгі таңда электрондық каталогқа және электрондық кітапхана қорына 1,9 млн-нан астам библиографиялық жазба енгізілді. Сондай-ақ KazNEB платформасына 1 943 кітаптың цифрлық нұсқасы жолданды. Облыс бойынша қоғамдық орындарға 786 KazNEB QR-коды орналастырылып, 82 мыңнан астам электрондық кітапты пайдалану мүмкіндігі жасалды», – деді Марат Елеусізұлы.

Жиын барысында аталған қоғамдық қордың төрағасы Бақытжан Тұрлыбеков жобаның мақсаты жайлы баяндады.

«Кітапхана тек кітап сақтайтын орын емес, бұл – адамдар білім алып, таным-түсінігін тереңдететін рухани орда. Біздің басты мақсатымыздың бірі – кітапханаларды оқырманға толығу. Қазіргі таңда Қазақстан кітап оқу көрсеткіші бойынша әлемде 92-орында тұр. Біз бес жылда ондыққа кіруге әрекет жасап жатырмыз. Бұл дәл қазір мүмкін емес сияқты көрінеді. Дегенмен былтырғы жұмыс барысында халықтың кітап оқуға ықыласы жоғары екенін байқадық. Жобаға 190 мыңға жуық адам қатысса, оның 104 мыңнан астамы ұсынылған 15 кітапты толық оқып бітірген. Біз 7 бағыт бойынша жұмыс істейміз. Соған сәйкес, мектеп оқушыларын, колледж бен университет студенттерін, сондай-ақ педагогтер, мемлекеттік қызметшілер мен спортшыларды кітап оқуға баулимыз. Мәселен, мектеп оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай 5 топқа бөлінген. Соған сәйкес әр топқа оқуы тиіс 15 кітап ұсынылған. Дәл осылай орыс сыныптарына да бөлек тізім жасалған. Бесеуі қазақстандық автордың шығармасы, бесеуі Батыс, ал қалғаны Шығыс авторларының кітабы болуы тиіс. Бұл сыни ойлауды қалыптастыруда өте маңызды. Яғни мектеп оқушыларына арналған бағыттың өзінде ғана 150 кітаптың тізімі бекітілген», – дейді Бақытжан Тұрлыбеков.

Шара қорытындысында екі жақты меморандумға қол қойылып, қос тарап бірлесіп жұмыс істеуге уағдалады. Осыған орай Марат Елеусізұлы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама, ішкі саясат, білім және жастар саясаты басқармаларына арнайы міндеттер жүктенді. Өңірде кітап оқу мәдениетін дамыту, халықтың, әсіресе балалар мен жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқырман қалыптастыру және бірлескен мәдени-ағартушылық жобаларды жүзеге асыруда қарқынды жұмыс істеу керегін баса айтты.

Қоғамдағы кеселдің көбі рухани тоқыраудан туындайды. Ал адамды кемелдік пен терең пайымға жетелейтін басты құрал – кітап. Сондықтан аталған бастама шығарма оқумен ғана шектелмейді. Бұл қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге, елдің дамуына ықпал ететін маңызды жоба болмақ.

Гүлзат АЗАТҚЫЗЫ



қарқынның көз қуантарлығын байқадық. Тіпті, ондағы Марат Құлманбетов, Ұлан Жуасбаев, Самат Қосаумасов, Думан Қожахметов, Мұрат Құлманбетов және Ердоос Дәулетбаков сынды механизаторлармен бірер ауыз тілдескенімізде, олар биылғы жоңышканың сапасы жоғары екенін тілге тиек етті. Мамандардың айтуынша, уақытылы жиналған балауса шөп қыс мезгілінде мал үшін аса құнарлы азық болмақ.

Қазіргі таңда 170 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған шаруашылықта шөп шабу науқанына заманауи техникаларды да жұмылдырылған. Атап айтқанда, мұнда екі «MacDon», он екі «MT3-1221», он алты «MT3-80» және бір «УТО-1304» техникасы бар.

Осындай берекелі істің нәтижелі болуы – шаруалар үшін ортақ мақсат. Жаздың аптап ыстығына қарамастан еңбек етіп жүрген диканшылар мен механизаторлардың еңбегі ақталарына кәміл сенеміз.

Балқаш ауданы



ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

БАСТЫ ТАЛАП – ЗАҢҒА БАҒЫНУ

Облыстық әкімдіктің мәжіліс залында құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті. Басқосуда алғашқы сөз полиция департаменті бастығының орынбасары Дәурен Құтпановқа берілді.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

– Биыл 5 айдың қорытындысы бойынша облыс аумағында жол-көлік оқиғаларының саны 11,6 пайызға, жарақат алғандар 3,4 пайызға өсіп отыр. Қаза болғандар саны 34,4 пайызға төмендеген. Талдауға сәйкес жол-көлік оқиғаларының басым бөлігі белгіленген жылдамдықты асыру және қарсы бағытқа шығу салдарынан болып отыр. Облыс аумағындағы көлік жолдарында 325 «Сергек», 24 «Сұңқар», 4 «Speed-R», 4 «Zerek-2» секілді автоматтандырылған бағдарламалық кешендер орнатылған. Сонымен қатар Үлкен Алматы айналма автомобиль жолында және «Алматы-Бішкек» жолының 62-82 шақырым аралығында орта жылдамдықты есептеу бағдарламасы іске қосылды. Бейнебақылау камералары, жылжымалы аппараттық кешендер, дрондардың көмегімен ауыр салдарды жол-көлік оқиғалары төмендегенімен, жарақат алған адамдар саны азаймай отыр. Оған жол инфрақұрылымының сәйкес келмеуі және жол белгілерінің болмауы да әсерін тигізуде, – деген департамент бастығының орынбасары жол-көлік оқиғасының алдын алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыс аумағында жол қозғалысын ұйымдастыру құрылғыларын қай жерлерге орнату қажет екенін айтты.

Одан кейін мінберге шыққан «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы директоры Ғани Мұрзаханов 2023 – 2026 жылдары «Алматы – Астана» жолының 115-281, «Алматы – Бішкек» жолының 63-143 шақырымы аралықтары мен Шамалған бекетін айналып өту жолы, «Қонаев – Күрті» автожолы ІІ санаттан І санатқа ауыстырылғанын тілге тиек етті. 2024 жылы «Алматы – Өскемен» автожолының 23 шақырымында жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі орнатылғанын айтқан филиал бастығы «Кешенді мақсатты бағдарлама» аясында атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Келесі кезекте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ермек Баймұхамбетов жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында облыс көлемінде автомобиль жолдарының сапасын жақсарту бағытында жүргізіліп жатқан кешенді жұмыс жайын сөзіне арқау етті.

Қонаев гарнизоны әскери прокурорының міндетін атқарушы Қуаныш Зұлқашев Алматыдан қатынайтын №220 бағыттағы қоғамдық көлікті Алатау қаласындағы әскери бөлімге және облыс орталығындағы №8 «А» бағытындағы автобусты 62064 әскери бөліміне дейін жүргізу жайлы өтініш білдірді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған полиция департаменті бастығының орынбасары Дәурен Құтпанов 5 айдың қорытындысына сәйкес облыстағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың статистикалық деректерін алға тартты. Оның сөзіне сүйенсек,

тіркелген қылмыстардың жартысына жуығын немесе 48,6 пайызын алаяқтық, оның ішінде интернет-алаықтық құрап отыр. Ерекше алаңдатып отырған мәселе – адам өлтіру және денсаулыққа қасақана ауыр жарақат келтіру қылмыстарының өсуі. Одан кейінгі өзекті мәселелер – алкогольдік масаң күйдегі азаматтарды оқшаулау және кемелетке толмағандар арасындағы қылмыстық ахуал. Дәурен Серікұлы сөзінің соңында баршаны құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысына атсалысуға шақырды.

Одан әрі жалғасқан жиында Қарасай ауданы әкімі Жасұлан Естенов пен Еңбекшіқазақ ауданы әкімі Талғат Байеділовтің қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөніндегі баяндамалары тыңдалды. Сонымен қатар ішкі саясат, білім, жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалардың басшылары қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету жайында баяндама жасады.

Облыс бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаменті басшысының орынбасары Бақтияр Жүзенов қаржы пирамидалары мен заңсыз ойын бизнесіне қарсы күреске бағытталған кешенді жедел-іздістіру және талдау іс-шаралары жөнінде сөз қозғады.

Баяндамашының айтуынша, жүргізілген жұмыстар нәтижесінде «Аманат Хоум», «Аманат Драйв», «Асар баспана», «FS», «AIF», «HRT», «Charhomi» қаржы пирамидаларының қызметі тоқтатылған. Бірқатар істер бойынша ұйымдастырушылар мен схемалардың белсенді қатысушыларына қатысты қамауға алуды қоса алғанда, бұлтартпау шаралары қолданылған. Азаматтардың заңсыз схемаларға тартылуына жол бермеу мақсатында интернет кеністігі мен әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жүргізіліп, қаржы пирамидалары белгілері бар сайттар мен чаттарды бұғаттау шаралары автоматты түрде жүзеге асырылып жатыр. 2025 – 2026 жылдары осындай 921 сайт пен чат бұғатталған. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру саласында 50 ойын терминалы тәркіленіп, 2 ойын залы және 1 онлайн-казиноның қызметі тоқтатылған.

Комиссия отырысын қорытындылаған Марат Елеусізұлы аудан әкімдері мен құзырлы орындардың басшыларына жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен полиция департаментіне жол-көлік оқиғалары жиі тіркелетін қауіпті учаскелерде жаяу жүргіншілер өткелдерін жарықтандыру, бағдарламалар, жол белгілері, жол таңбалары, қоршаулар мен жасанды жол кедергілерін орнату бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Тротуарлар салуды, жол таңбаларын жаңартуды, жол белгілерін толықтыруды және жарықтандыруды қамтамасыз етуге пәрмен берді. Сонымен бірге азаматтардың қаржы пирамидаларына, интернет-алаықтыққа, дропперлік схемаларына және заңсыз құмар ойындарға тартылуының алдын алу мақсатында халық арасында тұрақты ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру жөнінде тапсырма жүктетті.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Облыстық әкімдікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезектен тыс отырысы өтті. Жиынға облыс әкімі Марат Сұлтангазиев төрағалық етіп, комиссия мүшелері мен жергілікті атқарушы билік өкілдері қатысты.

● Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ

Отырысты ашқан облыс әкімі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, қоғамда адалдық пен ашықтық қағидаттарын қалыптастыру, сондай-ақ алдын алу шараларының тиімділігін арттыру мәселелеріне тоқталды. Оның айтуынша, заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету мемлекеттік органдар қызметінің басым бағыттарының бірі болып қала береді.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мадияр Исебаев баяндама жасады. Ол Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты мен «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы мемлекеттік саясаттың негізгі бағдары екенін атап өтті. Сонымен қатар жақында қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң мен агенттікке сыбайлас жемқорлықтың алдын

қызметші қызметінен босатылған. Бұл мемлекеттік қызметшілердің заң талаптарын сақтауына бақылауды күшейту қажеттігін көрсетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының міндетін атқарушы Медғат Қабдылқайыров есе берді. Оның айтуынша, Алматы облысында азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

– 2025 – 2030 жылдарға арналған қоғамда «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасы аясында облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, оны іске асыру үшін биыл облыстық бюджеттен 22 миллион теңге бөлінген. Жыл бойы 42 ірі ақпараттық және профилактикалық іс-шара өткізу жоспарланған. Жыл басынан бері бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде 42 мыңнан астам материал жарияланған. Оның ішінде облыстық «Алатау арайы» газетінде және ресми сайтында 241 материал, ал «Оғни Алатау» газетінде 301 материал жарық көрген. Сонымен қатар «Qonaev TV» телеарнасында құқықтық тәрбие мен құқықбұзушылықтардың алдын алу тақырыптарында арнайы жобалар тұрақты түрде эфирге шығарылып келеді. Облыс аумағында «Заң



алу жөніндегі өкілеттіктердің берілуі мемлекеттік аппараттың ашықтығын арттыруға бағытталған маңызды қадам екенін жеткізді.

Баяндамашының мәліметінше, жыл басынан бері облыста сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 73 кездесу өткізіліп, оған 6 мыңға жуық адам қатысқан.

– Талдау барысында білім беру және денсаулық сақтау салаларында тауар бағаларын негізсіз көтеру, қажеттіліктен артық көлемде сатып алу фактілері анықталған. Атап айтқанда, Қонаев қаласындағы Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектептің сатып алу жоспарында спорттық құрал-жабдықтар мен шаруашылық тауарларының бағасы бірнеше есе жоғары көрсетілген. Департаменттің араласуынан кейін жоспарлар қайта қаралып, миллиондаған теңге көлемінде бюджет қаражаты үнемделді. Сондай-ақ Ұйғыр аудандық орталық ауруханасының сатып алу жоспарында азық-түлік пен тағамдық қоспалардың бағасы нарықтық құннан әлдеқайда жоғары көрсетілгені анықталып, түзетулер енгізілгеннен кейін 2 миллион теңгеден астам қаржы үнемделген, – деді Мадияр Болатұлы.

Мадияр Исебаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмысына да тоқталды. Оның айтуынша, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өңірде 27 кездесу өткізіліп, арнайы байқаулар, муралдар мен ақпараттық акциялар ұйымдастырылған. Алайда кейбір өңірлерде бұл бағыттағы жұмыстардың қарқыны жеткіліксіз екені байқалады. Баяндама барысында мемлекеттік қызметшілер арасындағы лудомания мәселесі де көтерілді. Мониторинг қорытындысына сәйкес онлайн-букмекерлік кеңселер арқылы бәс тіккен 11 мемлекеттік

мен тәртіп» қағидатын насихаттау мақсатында 72 билборд, 24 баннер және 20 LED экран орналастырылған. Қонаев қаласындағы тұрғын үй кешендерінде 700-ге жуық ақпараттық үнпарақ ілінген, – деді Медғат Көбегенұлы.

Отырыста үшінші мәселе ретінде Іле ауданында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар қаралды. Аудан әкімі Қайыржан Жақсымбетовтің айтуынша, жыл басынан бері тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында тоғыз іс-шара өткізіліп, 780 дана ақпараттық кітапша таратылған. Ауданның кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, мәдениет және тілдерді дамыту, жер қатынастары, ішкі саясат және жұмыспен қамту бөлімдерінде жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде алты сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған. Қазіргі ақпараттық оларды жою бойынша нақты шаралар қабылданып жатыр. Сондай-ақ аудан көлемінде ақпараттық-насихат жұмысы жалғасып, аудандық «Іле таңы» газетінде алты мақала жарияланған.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Марат Сұлтангазиев сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар облыстық басқармалар мен аудан-қала әкімдеріне ішкі талдаулардың сапасын арттыру, мемлекеттік сатып алулардың ашықтығын қамтамасыз ету, мүдделер қалыптасуының алдын алу тиімділігін күшейту бойынша нақты міндеттер қойылды. Ведомствоаралық комиссия отырысында көтерілген мәселелер мен берілген тапсырмалар облыста сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын жана деңгейге көтеруге және мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Тазалық тәртіптен басталады



Облыс әкімі Марат Сұлтангазиев аппарат жанында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы рейдтік шараларды күшейтуді тапсырды. Аймақ басшысы аудан, қала әкімдіктері, құқық қорғау, экология және төтенше жағдай департаменттері «Таза Қазақстан» мен «Заң мен тәртіп» қағидатын ұштастыра отырып жұмыс істеу керегін айтты. Сондай-ақ аумақтарды абаттандыру, заңсыз қоқыс орындарын жою және қоғамдық орындардың тазалығын сақтау жұмыстарын бақылауда ұстауды жүктетті.



● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Облыстық полиция департаментінің мәлімдеуінше, өткен аптада қоғамдық орындарды ластау бойынша 23, ал

елдімекендердің аумағын абаттандыру қағидаларын сақтамаған 522 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Аталған құқықбұзушылықтар бойынша 194 мың 625 теңге айыппұл салынды. Ал алғашқы жарты жылда заң талаптарын

бұзған азаматтарға жалпы сомасы 9 млрд 302 млн теңгеден астам айыппұл салынған. Оның 7 млрд 500 млн-ға жуығы өндіріліп, айыппұлды төлеу көрсеткіші 80,4 пайызды құрады.

Осыған орай Марат Елеусізұлы бұл бағыттағы жұмыстарға ерекше мән беру керегін жеткізді. Себебі рейдтік шаралар елдімекендердің санитарлық жағдайын жақсартуға, қоршаған ортаны қорғауға және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе демалыс аймақтары, өзен-көл жағалаулары, саябақтар мен халық көп жүретін орындар тұрақты назарда болады.

«Рейдтік іс-шараларға қоғамдық ұйымдар мен жастарды да жұмылдыру керек. Экологиялық қағидаларды

бұзған, коммуналдық инфрақұрылымды бүлдіріп, табиғатқа қасақана зиян келтірген құқық бұзушылар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылуы тиіс. Қоғамдық орындарда, демалыс аймақтарында және азаматтар көп шоғырланған аумақтарда бейнебақылау жүйелерін орнату шараларын назарда ұстау қажет. Халық арасында және білім беру ұйымдарында тазалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыруды тапсырамын. Демалу орындарына коқыс тастауға, от жағуға тыйым салынғаны туралы ескерту тастайшалар мен ақпараттық стендтердің орнатылуы қамтамасыз етілсін. Сондай-ақ тұрғындардан келіп түсетін өтініштерге күнделікті мониторинг жүргізіліп, олардың уақытылы әрі сапалы іске асырылуына басымдық берілуі керек», – деді Марат Елеусізұлы.



МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Қонаев қалалық Мәдениет үйінде Қазақстан полициясы күні қарсаңында салтанатты шара өтіп, тәртіп сақшыларының ерен еңбегіне ерекше құрмет көрсетілді. Мерекелік жиынға ішкі істер органдарының өкілдері, сала ардагерлері, жас қызметкерлердің ата-аналары, әскери-патриоттық сыныптардың тәрбиеленушілері қатысты.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Шара барысында облыс әкімі Марат Сұлтангазиев полиция қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады. «Бүгінде «Заң мен тәртіп» қағидаты еліміздің стратегиялық даму бағытының негізгі басымдықтарының біріне айналды. Әділетті Қазақстанды құру жолында заңның үстемдігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті нығайту және азаматтардың құқығын қорғау – баршамызға ортақ міндет. Бұл ретте қоғам мен құқықтық жүйені жаңаруына заңнамалық негіз болған жалпыхалықтық референдумда қабылданған жаңа Конституцияның орны ерекше. Жанарған Ата Заңымыз азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың тетіктерін түбегейлі күшейтіп, әрбір адамның мемлекет алдындағы қауіпсіздік кепілін нығайтатын болады.



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Полиция қызметі – үлкен жауапкершілікті, жоғары кәсібилікті, батылдық пен адалдықты талап ететін абыройлы мамандық. Тәулікпен санаспай, қандай жағдай болмасын ел тыныштығын күзетіп, қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында қызмет атқарып жүрген сіздердің еңбектеріңіз қашанда құрметке лайық. Алматы облысының полиция қызметкерлері де осы жауапты міндетті абыроймен атқарып келеді. Сіздер құқықбұзушылықтың алдын алу, қылмыспен күресу, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәртіпті сақтау бағытында ауқымды жұмыс жүргізіп келесіздер. Қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, тұрғындардың полицияға деген сенімін арттыру жолындағы еңбектеріңіз өңірдің тұрақты дамуына және халықтың әл-ауқатының артуына зор үлес қосуда. Қандай күрделі жағдайда болмасын, азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін бәрінен биік қоятын полиция қызметкерлерінің жанқиярлығы – өскелең ұрпақ үшін үлгі, – деді аймақ басшысы. Сондай-ақ полиция қызметінің материалдық-техникалық әлеуетін нығайтуға, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға және заманауи талаптарға сай жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасау ардайым басты назарда болатынын жеткізді.

Облыс әкімінің айтуынша, қоғамдық қауіпсіздік инфрақұрылымын нығайту мақсатында жергілікті бюджет есебінен 52 мың бейнебақылау камерасы, 325 «Серкес» аппараттық-бағдарламалық кешені, 18 модульдік полиция бекеті орнатылған. Жыл басынан қылмыстың алдын алуға бағытталған 400-ден астам профилактикалық іс-шара ұйымдастырылған. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында ай сайын республикалық жедел-профилактикалық шаралар өткізілуде.

Мерекелік шарада облыстық полиция департаментінің бастығы Мейрам Әбікеев те құттықтау сөз сөйлеп, қызметкерлерге адал еңбегі, кәсібилігі мен антақ беріктігі үшін алғыс айтты.

Облыстық ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлері кенесінің төрағасы Жұмағали Бүйембаевтың айтуынша, қазіргі таңда өңір мектептерінде «Жас сақшылар» әскери-патриоттық сыныптары ашылған. Оларға білікті тәлімгерлер бұл саланың қыр-сырын үйретуде. Бұл өзінің оң нәтижесін көрсетіп үлгерген.

«Полиция боламын деген жас әуелі бұл мамандықты жан-тәнімен жақсы көріп, адал қызмет етемін деген ниетпен келуі керек. Себебі оның шешімі талай адамның тағдырына тікелей әсер етеді. Қазіргі таңда бұл саланың техникалық мүмкіндігі кун санап жетіліп келеді. Тәртіпке бағынып, ғұмырын абыройлы іске арнауға дайын қызметкер ғана абыройлы міндеттің биігін бағындырып, халықтың ықыласына бөленеді», – дейді ардагер.

Салтанатты жиында үздік қызметкерлер облыс әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ бірқатар полицейге ҚР Ішкі істер министрлігі мен облыстық полиция департаментінің ведомстволық наградалары табысталып, арнайы атақтар берілді.

Міндетін орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлердің жарқын есімін ұлықтауға ерекше назар аударылды. Мәдениет үйінің фойесінде құқық қорғау саласының батырларына арналған фотокөрме ұйымдастырылды.

Мерекелік шара эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарламамен қорытындыланды. Осылайша, елдегі тұрақтылық пен тәртіптің орнауына ғұмырын арнаған полиция қызметкерлерінің ерлігі дәріптеліп, кәсіби мерекесі жоғары деңгейде аталып өтті.

Қонаев қаласы

ФОРУМ

ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР ҚОҒАМ ДАМУЫНА ЖОЛ АШАДЫ



Іле ауданы Өтеген батыр аулындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы Мәдениет үйінде «Әйел&Бизнес: Жаңа дәуір» атты облыстық әйелдер форумы өтті. Өңірдегі іскер әйелдердің басын қосқан маңызды жиында қоғамдағы әйелдердің рөлі, кәсіпкерлік әлеуеті және көшбасшылық мүмкіндіктері кеңінен талқыланды.

● Құралбек СӘБИТОВ

Мәдениет үйінің фойесінде әр өңірден келген кәсіпкер әйелдер өздерінің өнімдері мен колөнер бұйымдарын көпшілік назарына ұсынып, «Әйел. Шабыт. Кәсіп» көрмесін ұйымдастырды. Ондағы жұмыстар нәзік жандардың тек кәсіп иесі ғана емес, жаңашыл идеялардың авторы екенін айқын көрсетті.

Залға жиналғандар қатарында тек бизнес өкілдері ғана емес, мемлекеттік қызметкерлер, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйым жетекшілері мен жастар болды. Салтанатты шараның шымылдығын ашқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген кәсіпкер әйелдерге ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің қоғам өміріндегі рөлі ерекше екенін әрдайым атап келеді. Бүгінгі форум – жетістіктерді таразылайтын ғана емес, жаңа дәуірдегі әйелдер кәсіпкерлігінді болашағын айқындайтын маңызды алаң. Қазіргі заманда әйел тек отбасының ұйытқысы ғана емес, ел экономикасының, шағын және орта бизнестің қозғаушы күшіне айналды, – деді ол.

Шынында да, өңірдің даму көрсеткіштері бұл сөздің нақты дәлелі іспетті. Қанат Болатұлының айтуынша, бүгінде өңіріміздегі басқару саласындағы әйелдердің үлесі 27 пайызды құраса, мемлекеттік қызметтегі қыз-келіншектердің үлесі 48 пайызға жеткен. Бұл әйелдердің қоғамдық өмірдегі белсенділігінің жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар облыста әйелдерді қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар да жүйелі жүзеге асырылып келеді. Жыл басынан бері жұмысқа орналасқан 12 мыңнан астам адамның 7 мыңнан астамы әйелдер болса, «Бастау бизнес» жобасына 703 әйел қатысқан. Кәсіптік оқыту, жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орындары және онлайн білім беру платформалары арқылы мыңдаған әйел жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Бүгінгі заман технологиялар мен

инновацияларға негізделген. Сондықтан әйелдердің цифрлық сауаттылығын арттыру, стартап жобаларды дамыту, жастар мен ауыл әйелдерінің кәсіпкерлігін қолдау – біздің басты міндеттеріміздің бірі болып қала береді, – деген облыс әкімінің бірінші орынбасары артында өңірдің өркендеуіне үлес қосқан бірқатар қыз-келіншекті облыс әкімі Марат Сұлтангазиевтің Алғыс хатымен марапаттады.

Форумның мәртебесін арттырған спикерлердің бірі – Түркі мемлекеттері кәсіпкер әйелдер кенесінің төрайымы әрі «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы іскер әйелдер кенесінің төрағасы Ләззат Рамазанова болды. Ол өз сөзінде қазіргі күрделі кезеңде әйелдердің бірлігі мен өзара қолдауының маңыздылығына тоқталды.

Әйел қай салада жүрсе де табандылық пен жауапкершілікті бірінші орынға қояды. Әлемдегі өзгерістердің қарқыны артып жатқан кезеңде кәсіп жүргізу оңай емес. Сондықтан бір-бірімізге тірек болып, тәжірибе бөлісіп, бірге дамуға ұмтылуымыз қажет. Бүгінгі форумның басты мақсаты да осы, – деді ол.

Шынында да, кәсіпкерлік жолындағы әйелдердің жетістігі тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Олар қоғамдағы тұрақтылықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің және қайырымдылықтың да маңызды қозғаушы күшіне айналып отыр.

Пленарлық отырыста сөз алған Қазақстан азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева азаматтық қоғам мен әйелдердің қоғамдық белсенділігі туралы ой қозғады. Ал Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Елена Ли гендерлік саясаттың қазіргі бағыттарына тоқталды. «Qonaev media» телеарнасы директорының орынбасары Жанна Арынбекова медиа саласындағы әйелдердің көшбасшылығы туралы пікір білдірсе, стратегиялық жобалар сарапшысы Оксана Васильева өзгермелі замандағы жаңа мүмкіндіктер жайында әңгімеледі. Облыстық мәслихатының депутаты Меруерт Молдашева әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі артып келе жатқанын сөз етті.

Форумның келесі бөлімінде заман талабына сай тақырыптар қозғалды. Алматы облыстық білім беру саласындағы ғылыми-тәжірибелік ақпараттық технологиялар орталығының сарапшысы Бауыржан Тыналиев жасанды интеллектің кәсіпкерлікке беретін мүмкіндіктері жөнінде мазмұнды баяндама жасады.

Бүгінде бизнес әлемі цифрлық трансформация кезеңін бастан өткеруде. Осы ретте жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану кәсіпкерліктің жаңа көкжиегін ашатынын айтылды. Ал «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Алматы облыстық филиалының директоры Бақытжан Ысқақов мемлекеттік қолдау бағдарламалары туралы кеңінен ақпарат берді.

Аталған шарадағы ең әсерлі тұстардың бірі – «Табысты әйелдер бизнес-кейстері және шабыт беретін оқиғалар» алаңы болды. «Alasby» заманауи қазақ мектебінің негізін қалаушы Айман Қайратқызы білім беру саласындағы тәжірибесімен бөліссе, «Malina Desserts» брендінің негізін қалаушы Малина Қасымбекова кәсіп ашудағы алғашқы қадамдар мен қиындықтарды еңсеру жолдарын әңгімеледі. Ал «Adili» брендінің негізін қалаушы Индира Әділ ұлттық бренд қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Олардың әрқайсысының өмір жолы залдағы жүздеген әйелге жаңа серпін берді. Өйткені табысқа жеткен әрбір кәсіпкердің артында қажырлы еңбек, үздіксіз ізденіс және өз ісіне деген шексіз сенім жатыр. Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Азамат Әлиев өңірдегі кәсіпкерлік ахуалына тоқталып, бүгінде облыста 161 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі тіркелгенін айтты. Оның ішінде шамамен 70 мың кәсіпорындай әйелдер басқарады. Бұл көрсеткіш әйелдердің кәсіпкерлік ортадағы ықпалының жылдан-жылға артып келе жатқанын дәлелдейді. Бұрын әйелдер кәсіпкерлігі негізінен ауыл мен қызмет көрсету саласымен байланыстырылса, бүгінде олар өндіріс, ауыл шаруашылығы, білім беру, медицина, IT және әлеуметтік кәсіпкерлік бағыттарында да табысты еңбек етуде. Облыстық іскер әйелдер кенесінің төрағасы, кәсіпкер Ләззат Ботабекова да әйелдердің еңбеккерлігі мен жауапкершілігіне тоқталып, олардың кәсіпкерлік саладағы орны ерекше екенін айтты.

Жиын соңында қатысушылар алдағы уақыттағы бірлескен жобаларды талқылап, жаңа серіктестік орнатуға мүмкіндік алды. Ұлттық киімдер дефилесі мен мәдени бағдарлама шараның сәнін келтіріп, форумның мазмұнын байыта түсті. Форум жұмысы бүгінгі қазақ әйелі – отбасының берекесін сақтаушы ғана емес, өндіріс пен бизнестің көшбасшысы, жаңа идеялардың авторы, қоғамның белсенді мүшесі екенін көрсетті. Сондай-ақ жүздеген әйелдің бойындағы сенімді нығайтып, жаңа бастамаларға жол ашты.

Іле ауданы

БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық оңалту орталығының директоры Бағдагүл Салибекова оңалту қызметінің тиімділігі жайлы сөз етті.

● Тоғжан ЖОЛДЫФАЛИ

Спикердің айтуынша, медициналық оңалту – денсаулық сақтау жүйесінің маңызды бағытының бірі. Қазіргі таңда ауыр инсульт, инфаркт, күрделі оталар мен жарақаттардан кейін адамның өмірін сақтап қалумен қатар, оны қалыпты өмірге бейімдеу де басты міндетке айналған.

«Кәусар» облыстық оңалту орталығы – ересектер мен балаларға арналған 130 орынды тәулік бойы жұмыс істейтін стационар. Мұнда медициналық оңалту қызметтері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында тегін көрсетіледі. Орталықта инсультпен, бас ми және жұлын жарақаттарынан, омыртқа мен буындарға жасалған отадан кейінгі, сондай-ақ

Оңалту қызметінің тиімділігі

жүрек-қан тамырлары аурулары бар пациенттерге көмек көрсетіледі. Сонымен қатар жүйке жүйесі аурулары мен тірек-қимыл аппараты жарақаттары бар балаларға арналған арнайы бөлім жұмыс істейді, – деді ол.

Бағдагүл Саметқызының сөзінше, орталықтағы емдеу процесі мультидисциплинарлық тәсіл арқылы жүзеге асады. Пациенттермен реабилитолог, невропатолог, кардиолог, логопед, психолог және емдік дене шынықтыру мамандары жұмыс істейді. Әр науқасқа жеке оңалту бағдарламасы әзірленеді. Балаларға арналған оңалту барысында психологиялық қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл балалардың жаңа ортаға бейімделуіне және эмоционалдық күйзелістің алдын алуға мүмкіндік береді. Бүгінде орталық заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Мұнда роботтандырылған жүріс жүйесі, түрлі тренажер, магнитотерапия, электрофорез, жарықпен емдеу аппараты, тұзды шахта, келр

бөшкесі және омыртқаны созуға арналған құрылғылар қолданылады.

Спикер оңалтуға жолдама алу тәртібіне де тоқталды. Пациент алдымен тіркелген емхана-сынан стационарлық эпикриз алып, қажетті құжаттарды өткізеді. Кейін госпитализация порталы арқылы оңалту орталығына жолданады. Оңалту үш кезең бойынша жүргізіледі. Бірінші кезең негізгі ем жүргізілген стационарда басталса, екінші кезең арнайы оңалту орталықтарында өтеді. Ал үшінші кезең ұзақ мерзімді бақылау мен қолдаушы ем-шараларды қамтиды. Орталықтағы емдеу мерзімі негізінен 14 күнді құрайды. Қажет болған жағдайда бұл уақыт 21 күнге дейін ұзартылады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, жыл сайын орталықта 1,5 мыңнан астам адам оңалтудан өтеді. 2023 жылы – 1490 пациент, 2024 жылы – 1570 пациент, ал 2025 жылы 1390 адам ем қабылдаған. Соңғы жылдары пульмонологиялық, кардиохирургиялық және

нейрохирургиялық бағыттағы пациенттердің саны артқан. Сонымен бірге жарақаттан кейін ота жасалған адамдардың да үлесі көбейіп отыр.

Мамандардың айтуынша, бірнеше ем курсынан кейін ауыр қозғалыс шектеуі бар науқастардың өздігінен жүріп кетуі – орталық жұмысының басты нәтижелерінің бірі. Ал омыртқаға ота жасалған науқастарда емнің алғашқы күндерінен-ақ ауырсыну айтарлықтай азаяды. Баспасөз мәслихатында науқастардың қанағаттану деңгейі де жоғары екені айтылды. 2023-2025 жылдары бұл көрсеткіш 98 пайызға жеткен. Осы уақыт аралығында орталық жұмысына қатысты шағымдар тіркелмеген. Алдағы уақытта орталықта балалар бөлімін жаңғырту, төсек-орын санын көбейту, жаңа медициналық құрылғылар сатып алу және жас мамандарды тарту жоспарланып отыр.

Брифинг соңында орталық директоры оңалтудың маңызын ерекше атап өтті.

– Оңалту – адамның өміріне салынған инвестиция. Ересек адам үшін бұл – жұмысына және отбасына қайта оралу мүмкіндігі болса, бала үшін толыққанды болашақтың бастауы, – деді Бағдагүл Салибекова.



ЖАС ТҮЛЕК – 2026

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ



Райымбек ауданындағы орта білім ұяларынан биыл 346 түлек қанат қақты. Осыған орай аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында дәстүрлі мектеп бітіру кеші ұйымдастырылып, «Сәт сапар, жас түлек!» атты аттестат табыстау шарасы өтті.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —

Салтанатты жиынға Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаев, аудандық мәслихаттың төрағасы Самат Мүсірбаев, мектеп директорлары, ұстаздар және ата-аналар қатысты. Түлектерге тілегін арнаған Дастан Сұлтанмұратұлы: – 2025-2026 оқу жылында ауданымызда 346 оқушы 11-сыныпты аяқтап, өмірдің жаңа сатысына қадам басқалы отыр. Оның ішінде 53 оқушы – «Алтын

белгі», 38 оқушы – «Үздік аттестат» иегері. Алда сіздерді 11 жылғы білімдеріңізді сынайтын сәт – Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсыру кезеңі күтіп тұр. Осы сынақта білімдеріңізді дәлелдеп, жоғары оқу орындарына түсіп кетулеріңізге тілектесмін. Мен сіздердің болашақта жоғары білімді іскер азамат, білікті маман болып, ауданымыздың өркендеуіне лайықты үлес қосатындарына сенемін! – дей келе, мектеп бітірушілерге салтанатты түрде аттестаттарын табыстады.

Шара барысында оқушыларды 11 жыл білімге жетелеген сынып жетекшілері мен үмітін үкілеп отырған ата-аналар сөз сөйлеп, мектеп бітірушілерге өз тілектерін айтты.

Албан Асан Барманбекұлы атындағы мектеп-гимназиясының директоры Ринат Шағанбаевтың айтуынша, биыл түлектердің басым бөлігі еліміздегі айтулы жоғары оқу орындарына түсуді жоспарлап отыр. Оқушылар оқу жылын жоғары жетістіктермен аяқтап, халықаралық, республикалық және аудандық олимпиадаларда топ жарған.

– Барша түлегімізге ақ жол тілеймін! Алдағы өмірлеріңде биік белестерді бағындырып, ел игілігіне қызмет ететін азаматтар болсын, – деді мектеп директоры.

Ал «Алтын белгі» иегері Ақниет Мұхаметқарим бұл жетістікке үздіксіз еңбектің, табандылықтың және ұстаздарының қолдауының арқасында қол жеткізгенін айтты.

– Ұстаздарыма және ата-анам үлкен алғысымды білдіремін. Сыныптастарыма сәттілік тілеймін! Әрқайсымыз армандаған оқу орнына түсіп, мақсатымызға жетейік, – деді жас түлек.

Салтанатты жиында мектеп бітірушілер алтын ұясы мен ұстаздарына арнаған әндерін шырқап, алғыс сөздерін тебірене жеткізді. Біз де өз тарапымыздан «Ақ жол саған, жас түлек!» демекпіз.

Райымбек ауданы

ТАҒЫЛЫМДАМА

Өндіріс орындарында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазатайым оқиғалардың алдын алу – маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағыттағы жұмыстардың тиімділігі білікті мамандардың кәсіби даярлығына тікелей байланысты. Осы мақсатта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болашақ мамандардың халықаралық тәжірибе алмасуына ерекше көңіл бөледі.

Ғылымға серпін береді

Университеттегі география және табиғатты пайдалану факультеті жанындағы Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының 2-курс магистранты Акерке Қойлыбаева («7М11201 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі») Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында ғылым тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама Орталық Азиядағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлер институты ұлттық зерттеу университетінде ұйымдастырылды. Аталған жоғары оқу орны өндірістік қауіпсіздік пен еңбек қорғау бағытында халықаралық тәжірибе жинақтаған орталықтардың бірі саналады.

Екі апталық тағылымдамада магистрант шетелдік ғалымдар мен мамандардың жетекшілігімен өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заманауи тәсілдерімен танысты. Бағдарламаға минералогия-геология ғылымдарының докторы, профессор Б.Абдуллаев, биология ғылымдарының докторы, профессор Б.Каримов, өмір тіршілігі қауіпсіздігі кафедрасының меңгерушісі, доцент А.Хожиев және доцент Б.Утепов ғылыми жетекшілік жасады. Сондай-ақ ол оқу орнының зертханалық базасына, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесіне және өндірістік қауіпсіздік саласындағы ғылыми жобалардың жүзеге асырылу барысына жіті мән берді. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыруға бағытталған халықаралық стандарттарды енгізу, өндірістік мониторинг жүргізу және еңбек қорғау жүйесін цифрландыру да назардан тыс қалмады. Мұндай тәжірибе теориялық білімді тәжірибелік дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Тағылымдама аясында өндірістік қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау, еңбек жағдайларын жақсарту, кәсіби тәуекелдерді басқару, төтенше жағдайлардың алдын алу және қауіпсіздік талаптарын жетілдіру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар өндірістік қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, қызметкерлердің қауіпсіз еңбек дағдыларын дамыту және қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылаудың заманауи әдістері талқыланды.

Халықаралық тәжірибе алмасу магистранттың кәсіби құзыреттілігін арттырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жаңа тәсілдерді енгізуге мүмкіндік берді. Алынған білім мен тәжірибе өндірістік қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған зерттеулердің сапасын жақсартуға және еңбек қорғау саласындағы практикалық міндеттерді шешуге септігін тигізеді.

Бүгінде еңбек қорғау мен өндірістік қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызы артып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, шетелдік ғылыми орталықтармен тәжірибе алмасу болашақ мамандардың кәсіби дамуына, заманауи білім мен дағдыларды меңгеруіне және оларды отандық тәжірибеде тиімді қолдануына жол ашады.

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы алдағы уақытта да халықаралық серіктестікті нығайтып, өндірістік қауіпсіздік пен еңбек қорғау саласы үшін бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бағытындағы жұмыстарын жалғастыра берді.

Айгүл ҚОЖАХАН,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доценті,
техника ғылымдарының кандидаты
Нүргүл БЕРГЕНЕВА,
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты

Лицензия № KZ89LAM00001798
17.04.2025 жс



Үздіктерге үміт артты

Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетов «Алтын белгі» иегерлерімен кездесті. Тағылымы мол басқосуда білімнің биік белесін бағындырған өңірдің дарынды түлектеріне құрмет көрсетілді.

● Алтынай СЕЙІТКЕН —

Биылғы оқу жылында Балқаш ауданы бойынша 34 оқушы «Алтын белгіге» үміткер атанды. Бұл – шәкірттердің табанды еңбегі мен үздіксіз ізденісінің, ұстаздар мен ата-аналар қолдауының нәтижесі.

Аудандық орталық кітапханада өткен кездесу барысында Азат Үкітайұлы жастарға сапалы білім алуға жасалып жатқан мүмкіндіктер, туған жерге қызмет етудің жауапкершілігі туралы кенінен сөз қозғады. Түлектер де

аудан басшысына өздерін толғандырған сауалдар қойып, ашық пікір алмасты. Атап айтар болсақ, Б.Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназияның «Алтын белгі» иегері Арнұр Асан аудан әкімінен жас түлектерге қандай ақыл-кеңес айтатынын сұраса, ал Ақдала орта мектебінің түлегі және «Алтын белгі» иегері Ербол Абылайұлы мектеп қабырғасында білім алып жүргенде қандай маман иесі болуды армандағанын білгісі келді. Азат Құтпанбетов балалық шағына сахат жасай отырып, үздіктерге өз өмір жолынан сыр шертіп, ең бастысы, мамандық таңдауда қателеспей керектігін баса айтты. Әңгіме барысында жастардың болашақтағы мақсат-міндеттері, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосар үлесі жөнінде мазмұнды ойлар айтылды.

Кездесудің ерекше сәттерінің бірі – «Мен болашақ...» атты шығармашылық кезеңі болды. Онда түлектер өздерінің болашақ мамандықтары мен армандарын қағаз бетіне түсіріп, алдағы өмір жолына қатысты мақсаттарын ортаға салды. Бұл жас буынның ел болашағына деген сенімі мен жауапкершілігін айқындай түсті. Шара соңында аудан әкімі «Алтын белгі» иегерлеріне есімдері жазылған өздеріңізді сыйға тартып, олардың жоғары оқу орындарына түсуіне сәттілік тіледі. Өз кезегінде түлектер де көрсетілген құрмет пен қолдау үшін алғыстарын білдірді. Балқаш ауданында өткен бұл басқосу жас буынның арманына қанат бітіріп, үлкен өмірге бағыл қадам басуына серпін берген маңызды шара болды.

Балқаш ауданы

ОСТОРОЖНО, МОШЕННИКИ!

Социальные выплаты без рисков: избегаем мошенников в соцсетях

Система обязательного социального страхования (система) в Казахстане является дополнительной формой социального обеспечения работающего населения. Она основана на принципе ограниченной солидарности - уплата социальных отчислений в Государственный фонд социального страхования (ГФСС) производится за работающее население. При этом получателями социальных выплат являются лица, за которых поступили социальные отчисления в ГФСС и у которых наступил случай социального риска.

Сегодня в системе участвуют порядка 7 млн работающих граждан и более 1,3 млн. человек ежегодно получают социальные выплаты из ГФСС.

Системой предусмотрены две долгосрочные социально-значимые выплаты – по случаям утраты трудоспособности и потери кормильца. Эти выплаты осуществляются в дополнение к базовым государственным социальным пособиям по инвалидности и по потере кормильца за счет бюджетных средств.

Следующие две социальные выплаты связаны с

материнством и детством. Так, работающая женщина на период потери дохода получает социальные выплаты в связи с беременностью и родами, а также по уходу за ребенком до полутора лет.

Важной поддержкой для участника системы, независимо от причин увольнения, является социальная выплата по потере работы, которая назначается при условии его регистрации в Карьерном центре в качестве безработного.

Порядок назначения социальных выплат из Фонда регламентирован Социальным кодексом Республики Казахстан и подзаконными актами Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Размеры выплат рассчитываются индивидуально и напрямую зависят от своевременности и полноты уплаченных социальных отчислений в ГФСС.

Законодательно ГФСС имеет право проверять достоверность документов (сведений), необходимых для назначения социальных выплат. В этой связи, при необходимости направляются запросы в государственные органы и соответствующие организации, платящую и заявителю. Основаниями для проверки могут послужить несвоевременное и неполное поступление социальных отчислений в ГФСС, несоответствие документов и сведений в информационных системах государственных органов и организаций.

В случаях, когда выявляются признаки фиктивных трудовых отношений или предоставления недостоверных сведений, материалы передаются в правоохранительные органы.

Отдельного внимания заслуживают распространяемые в социальных сетях сообщения рекламного характера о содействии в получении социальных выплат из ГФСС, в том числе о «продлении» выплаты по уходу за ребенком до полутора лет.

Следует учитывать, что женщина, находящаяся в отпуске по уходу за ребенком, сохраняет за собой рабочее место и не относится к категории безработных. Статус безработного присваивается только лицам, которые действительно ищут работу и готовы приступить к ней.

Напоминаем, что социальная выплата по потере работы назначается только участникам системы, зарегистрированным в качестве безработного и выполняющим соответствующие обязательства. Получатель выплаты обязан своевременно уведомлять Карьерный центр о трудоустройстве. В случае предоставления недостоверных сведений выплата является средством подложка возврату в установленном законом порядке.

Важно помнить, что предоставление заведомо ложных сведений с целью получения социальных выплат может классифицироваться как мошенничество. Лица, распространяющие подобные сообщения в социальных сетях,

а также граждане, вовлечённые в такие схемы, могут быть привлечены к ответственности.

Так, в 2025 году в 12 регионах страны возбуждено более 30 уголовных дел по фактам мошенничества, в пяти регионах страны уже вынесено 7 судебных приговоров. Установлено, что лица были вовлечены в мошеннические схемы получения социальных выплат, следуя рекламным сообщениям в социальных сетях (Instagram и т.д.).

В целях недопущения возможных негативных последствий рекомендуем руководствоваться информацией, размещаемой на официальных источниках (веб-портал электронного правительства (egov.kz), официальные сайты Министерства труда и социальной защиты населения (enbek.gov.kz), ГФСС (gfss.kz)). Также, не следует передавать персональные данные, включая ключи от личной электронной цифровой подписи третьим лицам. При возникновении вопросов можно обратиться в контакт-центр по номеру 1414.

Социальные выплаты из ГФСС предоставляются в установленном законом порядке и не требуют участия «помощников» из социальных сетей. Осознанный подход и использование официальных каналов – основа финансовой безопасности граждан.

Филиал АО «Государственный фонд социального страхования» по Алматинской области



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Куаныш ТҮНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

| | |
|---|-----------------|
| Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ | 8 701 254 97 55 |
| Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ | 8 701 347 60 32 |
| Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ | 8 702 488 56 12 |
| Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ | 8 700 573 30 11 |
| Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ | 8 702 213 95 83 |
| Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ | 8 777 029 45 22 |
| Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ | 8 777 218 63 25 |
| Балқаш ауданы – Алтынай СЕЙІТКЕН | 8 747 790 70 28 |

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau.jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет атқасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылғы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY0086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 1376

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.

Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ